

«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық
мектеп – интернат» кешені» ММ

Бекітемін
«Музыкалық колледж – дарынды
балаларға арналған музыкалық
мектеп – интернат» кешені» ММ басшысы
_____ С.К. Сыздықов

**«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық
мектеп – интернат» кешені» ММ-нің 2018-2022 жылдарға арналған
көптілділік білім беру бағдарламасы**

Бағдарлама паспорты

Бағдарлама атауы	«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп – интернат» кешені» ММ-нің 2018-2022 жылдарға арналған көптілділік білім беру бағдарламасы
Заңнамалық нормативтік база	<ol style="list-style-type: none"> 1) 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» №319-III Заңы; 2) Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығымен бекітілген ҚР білім беруді дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы; 3) Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы; 4) 2018 жылғы 10 қаңтардағы Еліміздің Президенті Н.Назарбаевтың – «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы; 5) Техникалық және кәсіптік білім беру саласында көптілділік білім беруді дамытудың 2017-2020 жылдарға арналған Жол картасы; 6) 2018-2022 жылдарға арналған Павлодар облысының ТЖКБ ұйымдарында көптілділік білім беру бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеуші	Колледж әкімшілігі
Мақсаты	Оқу процесіне үш тілде оқытудың инновациялық технологияларын енгізу жолымен музыкалық білім беру саласында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған көптілділік білім беруді дамыту
Міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> 1) Музыкалық колледжде барлық қызмет салаларында көптілділік білім беруді енгізу және дамыту. 2) Көптілді білім беру арқылы білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін, функционалдық сауаттылығын, практикалық дағдыларын дамыту. 3) Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қолдану аясын кеңейту және көптілді құзыреттілікті кәсіби қызмет саласына интеграциялау. 4) Тілдік пәндерді оқыту процесін құрылымдау. 5) Көптілділік білім беруді ғылыми-әдістемелік тұрғыдан сүйемелдеуді қамтамасыз ету (арнайы пәндер бойынша терминологиялық сөздіктерді (глоссарийлерді), оқу құралдарын, әдістемелік ұсынымдарды, ағылшын тіліндегі оқулықтарды, оның ішінде электрондық жеткізгіштерде дайындау

	және басып шығару.
Күтілетін нәтиже	Көптілділік білім беруді енгізу кәсіби қызмет деңгейінде қазақ және ағылшын тілдерін тәжірибелік меңгеруге ықпал етуі тиіс.
Іске асыру мерзімі	2019-2022
Кезеңдері	<p>1 кезең 2019 жыл – ұйымдастырушылық (көптілділік білім беруді дамыту мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерді зерделеу, көпмәдениеттілік және көптілділік білім беру мәселелері бойынша білімді жүйелеу және біліктілікті арттыру) және қалыптастырушы (көптілділік білім беру бағдарламаларын құру принциптерін зерттеу, тілдік білім берудің теориясы мен тәжірибесін зерделеу, тілдік пәндерді оқыту саласындағы педагогтардың инновациялық жұмысын жалпылау, теориялық әдіснамалық негіздерді әзірлеу).</p> <p>2 кезең 2019 – 2022 жылдар – тәжірибелік (оқу және тәрбие үдерісіне көптілділік білім беруді енгізу, көптілділік білім беру мәселелері бойынша материалдарды жинақтау).</p> <p>3 кезең – 2022 жыл – жалпылама (көптілділікті пайдалану бойынша жұмыс нәтижелерін жалпылау және жүйелеу).</p>
Нақты мекен-жайы	Павлодар қ., Торайғыров көш. 67, тел. 554717, 554398
Электрондық мекен-жайы	mus_pav@mail.ru
Сайт	http://www.muscomplexpavl.kz/
Бағдарламаны әзірлеуге және іске асыруға қатысатын субъектілер	<p>Бағдарлама жетекшісі: С.К.Сыздықов - колледж басшысы</p> <p>Бағдарлама үйлестірушілері:</p> <p>З.А. Гатина - басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары,</p> <p>А.А. Карашина – басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,</p> <p>М.С. Самарова - әдіскер</p> <p>Орындаушылар: колледж оқытушылары</p>

Кіріспе

КӨПТІЛДІЛІК-УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Қазақстандық қоғамды дамытуда көптілділік білім беруді енгізуді көздейтін білім беру саласындағы жаңғырту маңызды аспект болып табылады.

Қазіргі еңбек нарығы мамандардың құзыреттілігі мен кәсібилігіне айтарлықтай қатаң талаптар қояды.

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ұлт жоспарында-бес институционалдық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам жоғары мектеп алдына күрделі және өршіл міндеттер қояды – білім беру жүйесінде ағылшын тіліне кезең-кезеңмен көшу, оның мақсаты шығарылатын кадрлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және білім беру секторының экспорттық әлеуетін арттыру болып табылады. Бұл міндетті орындау үшін қазақстандық білім берудің үздік дәстүрлерін сақтау және сонымен бірге халықаралық стандарттарға сәйкес келетін сапалы білім алуды қамтамасыз ету қажет, бұл тек студенттердің тілдік дайындық деңгейін арттырғанда, лингвистикалық сананы тәрбиелегенде ғана мүмкін болады.

Бұл ретте көптілділік білім беруге көп көңіл бөлінеді, ол өзара тәуелді әлем жағдайында жас ұрпақты тіршілік етуге дайындаудың пәрменді құралы ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғарғы білімді ел ретінде танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі — мемлекеттік тіл, орыс тілі — ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі — жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» - деді.

Көптілділік білім беру – бұл тіл білімі мен іскерлігінде, тілдік және сөйлеу қызметінде, сондай-ақ кәсіби қызметінде жүзеге асырылған, адамзаттың әлеуметтік маңызы бар кәсіби тәжірибесінің «фрагменті» ретінде бірнеше тілді бір мезгілде меңгеру негізінде көптілді тұлға ретінде индивидты оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың мақсатты, ұйымдастырылатын, нормаланатын үш тұғырлы процесі.

Музыкалық колледждің осы бағдарламасы оқу процесіне үш тілде оқытудың инновациялық технологияларын енгізу жолымен музыкалық білім беру саласында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға, жалпы кәсіптік және арнайы пәндермен тілдік пәндерді кіріктіріп оқытуды енгізу арқылы көптілділік білім беруді дамытуға бағытталған кезең-кезеңдік іс-шаралар кешенін ұсынады.

Бағдарламаны іске асырудың нәтижесі ретінде музыкалық колледжде білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті түлекті тәрбиелеуге мүмкіндік беретін көптілді орта қалыптасады.

Эксперименттің негізгі идеялары, мақсаттары, бастапқы теориялық-әдіснамалық ережелері

Мемлекеттік тілді, шет тілін оқыту тәжірибесі мен зерттеуі кәсіби оқытудың негізін кәсіби-бағытталған, ғылыми-практикалық пәнаралық (интеграцияланған) тәсіл құрауы тиіс екенін дәлелдейді.

Бұл тәсілдің басты ерекшелігі мен жаңашылдығы тілдік даярлықтың ақпараттық, әлеуметтік-экономикалық, кәсіби, педагогикалық байланыстарын қамтамасыз ету болып табылады.

Көптілділік білім беру бағдарламасының негізінде – музыкалық колледж студенттері, оқу іс - әрекеті негізінде – ынтымақтастық (тұлғааралық және көптілді). Студенттер оқытуда белсенді рөл атқарады, ал көптілділік білім берудің интеграцияланған бағдарламасының мәні мемлекеттік және ағылшын тілінің кәсіби, функционалдық, техникалық аспектісі негізінде кәсіптік және арнайы пәндерді оқыту.

Көптілді білім беру бағдарламасының өзектілігі бұл өмірлік қажеттіліктен туындайды, себебі әлемдегі ғылым мен техниканың даму деңгейі қажетті теориялық және практикалық білім, шеберлік пен дағдыларды сапалы және толыққанды алу үшін шет тілдерін еркін меңгеруді талап етеді. Бұл оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Көптілділік білім берудің негізгі мақсаты оқу – тәрбие үрдісіне пәнаралық интеграцияны енгізу арқылы оқу процесіне үш тілде оқытудың инновациялық технологияларын енгізу жолымен музыкалық білім беру саласында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған көптілділік білім беруді дамыту болып табылады.

Музыкалық колледжде көптілді білім беру бағдарламасының **міндеттері:**

1) Көптілділік білім беруді оқу үрдісінде, тәрбие қызметіне, концерттік – орындаушылық қызметіне енгізу және дамыту.

2) Көптілділік білім беру арқылы білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін, функционалдық сауаттылығын, практикалық дағдыларын дамыту.

3) Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қолдану аясын кеңейту және көптілді құзыреттілікті кәсіби қызмет саласына интеграциялау.

4) Тілдік пәндерді оқыту процесін құрылымдау.

5) Көптілділік білім беруді ғылыми-әдістемелік тұрғыдан сүйемелдеуді қамтамасыз ету (арнайы пәндер бойынша терминологиялық сөздіктерді (глоссарийлерді), оқу құралдарын, әдістемелік ұсынымдарды, ағылшын тіліндегі оқулықтарды, оның ішінде электрондық жеткізгіштерде дайындау және басып шығару).

Музыкалық колледжде көптілділік білім беру бағдарламасын жүзеге асыру **3 кезеңде** өтеді:

1 кезең 2019 жыл – ұйымдастырушылық (көптілділік білім беруді дамыту мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерді зерделеу, көпмәдениеттілік және көптілділік білім беру мәселелері бойынша білімді жүйелеу және біліктілікті арттыру) және қалыптастырушы (көптілділік білім беру бағдарламаларын құру принциптерін зерттеу, тілдік білім берудің

теориясы мен тәжірибесін зерделеу, тілдік пәндерді оқыту саласындағы педагогтардың инновациялық жұмысын жалпылау, теориялық әдіснамалық негіздерді әзірлеу).

2 кезең 2019 – 2022 жылдар – тәжірибелік (оқу және тәрбие үдерісіне көптілділік білім беруді енгізу, көптілділік білім беру мәселелері бойынша материалдарды жинақтау).

3 кезең – 2022 жыл – жалпылама (көптілділікті пайдалану бойынша жұмыс нәтижелерін жалпылау және жүйелеу).

Көптілді білім — көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік.

Музыкалық колледжде көптілділік білім беруді енгізу және жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар атауы	Жауапты тұлғалар	Аяқталу нысаны	Орындау мерзімі
1. Ұйымдастыру жұмысы				
1	ҚР-да көптілділік білім беруді дамыту мәселелері бойынша нормативтік – құқықтық актілерді зерделеу	Әкімшілік	«Көптілділік білім беру» папкасында, оқу орнының сайтында актілердің болуы	желтоқсан 2018
2	«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп – интернат» кешені» ММ-нің 2018-2022 жылдарға арналған көптілділік білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту	Әкімшілік	Көптілділік білім беру бағдарламалары (әзірлеген басшымен және бекітілген)	желтоқсан 2018
3	«Көптілділік білім беру» стенді мен сайтта қосымша бет ресімдеу	Әдіскер	Стенд Сайттың қосымша беті	қаңтар 2019
4	Көптілділікті жүзеге асыру бойынша педагогикалық идеялар фестивалін ұйымдастыру және өткізу	Оқу бөлімі ЖБПБ оқытушылары	Фестиваль	қыркүйек 2020,2022
2. Ақпараттық – түсіндірме жұмысы				
1	«Көптілділік білім беру» стенд материалдарын ресімдеу және орналастыру	Әдіскер	Стенд	қаңтар 2019
2	Оқу орнының сайтында «Көптілділік білім беру» қосымша бетін толтыру (нормативтік база, іс-шаралар бойынша ақпарат)	Әдіскер	Сайттың қосымша беті	қаңтар 2019 бастап 2022 дейін
3	Аймақтық және халықаралық БАҚ-та, сайтта көптілділік білім беру бойынша мақалаларды жариялау және орналастыру	Әдіскер	Жарияланымдар	2018-2022
4	Ағылшын тілінде сөздіктер (глоссарий), қағаз және электронды нұсқада әдістемелік ұсыныстар жасау	Ағылшын тілі оқытушылары	Глоссарий	2019
5	Көптілділік білім беру бағдарламасын орындау бойынша жылдық есептер		Жылдық есептер	маусым 2019,2020,2021
6	«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп – интернат» кешені» ММ-нің 2018-2022	ОІ жөніндегі орынбасар Әдіскер		маусым 2022

	жылдарға арналған көптілділік білім беру бағдарламасын орындау бойынша қорытынды есеп			
3. Студенттермен іс-шаралар				
1	Тілдер апталығына арналған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу	ЖБПБ оқытушылары	Іс – шаралар есеп	қыркүйек 2018 -2022
2	Студенттер үшін тілдік пәндер бойынша үйірмелер, факультативтер ұйымдастыру және өткізу(1-4 курс)	Оқытушылар Студенттер кеңесі	Үйірме сабақтары, факультативтер	2018-2022
3	Көптілділік білім беруді іске асыру шеңберінде олимпиадалар мен конкурстарды ұйымдастыру және өткізу	Сынып жетекшілері	Олимпиадалар, байқаулар	2018-2022
4	Облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі конкурстарға қатысу	Сынып жетекшілері Оқытушылар	Грамоталар, дипломдар, сертификаттар	2018-2022
4. Оқытушылар үшін іс-шаралар				
1	Тілдік пәндер оқытушыларының мәліметтер базасын құру	ОІ жөніндегі орынбасар	Деректер қоры	желтоқсан 2018
2	Оқытушылардың тілдік құзыреттілік деңгейін диагностикалау	Ағылшын тілі оқытушылары	Тестілеу Тестілеу нәтижесі	қаңтар 2019
3	Халықаралық стандартқа сәйкес тілдік деңгейлер бойынша оқытушылардың деректер қорын құру	Ағылшын тілі оқытушылары	Деректер қоры	қаңтар 2019
4	Көптілді білім беру қағидатын енгізуді есепке ала отырып, оқу жоспарларына талдау жүргізу, ағылшын тілінде оқытылатын пәндер тізбесін анықтау	ОІ жөніндегі орынбасар Әдіскер	Пәндер тізімі	қыркүйек 2019
5	Колледж оқытушыларына арналған қазақ, ағылшын тілі курстарын ұйымдастыру және өткізу	Қазақ, ағылшын тілдерінің оқытушылары	Курстар	2018-2022
6	Оқытушылардың біліктілігін арттыру курстарынан өту (каникулдық уақытта)	Әдіскер оқытушылар	Курстар	2019-2022
7	Үш тілді қолдану арқылы концерттік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу	Концерттерді ұйымдастырушылар	Концерттер	2018-2022